

**Қалықберген Е.Н.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, МИО-22-1к тобы, магистрант  
(*Ғылыми жетекші – т.ғ.к., қауымд.проф. Карсыбаева Ж.А.*)

## **ЖАЗЫҚСЫЗ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН АБДОЛЛА АСЫЛБЕКОВ**

2020 жылы мамыр айында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев кеңестік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісін жалғастыру тарихи әділдіктің салтанатты екенін мәләмдеген еді. Сол мәлімдемесінде ХХ ғасырдың 20-50-ші жылдарындағы қуғын-сүргін саясаты қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезең екендігін, және сол жылдардағы көптеген адам шығыны мен қайғы қасіреті әрбіріміздің жүрегімізге жара салғанын атап өткен еді. Сонымен қатар қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы комиссия ұйымдастырды. Сондықтанда қуғын-сүргін мәселесін зерттеу бүгінгі күні өзекті болып табылады.

КСРО-да тоталитарлық режимнің қалыптасуы большевиктік идеологияны еңбекші бұқарамен біріктіріп, Сталиннің саяси билікті жаулап алуынан басталды. Бұрынғы Одақта билік ресми түрде оның баламасыз тандалған халық депутаттары атынан шыққан Жоғарғы Кеңеске тиесілі болды. Шын мәнінде, биліктің толықтығы мен оны қалыптастыру тетігін КОКП Орталық Комитеті оның Бас хатшысымен бірге Саяси Бюро басқарды. Бас хатшылар өзгергеннен кейін партия мен мемлекеттің саясаты өзгерді. Бұл пирамиданың шыңы ретінде Бас хатшыға бекітілген командалық - әкімшілік билік болды.

ХХ ғасырдың 20-50 - ші жылдары тоталитарлық жүйенің қайғылы оқиғасын халық бастан өткерді. Елде әр отбасы бұл қайғыны кешірді. Бұл 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, ұжымдастыру сұмдықтары, 1930-40-шы жылдар мен 1950-ші жылдардың басында болған Саяси қуғын-сүргін. Тоталитарлық толқын сталинизм дәуірінде бүкіл елді қамтыды.

1930-шы жылдардың бірінші жартысында И. В. Сталиннің басшылығымен ескі зиялы қауымға қарсы бағытталған бірқатар саяси процестер ойдан шығарылды. Командалық-әкімшілік жүйе күшейе түсті, И.В. Сталиннің жеке билік режимі қарқынды түрде енгізілді. Демократиялық дәстүрлер мен партиялық өмірдің нормаларын дөрекі түрде таптап, ол және оның жақтастары экономикалық және әлеуметтік-саяси мәселелерді талқылау кезінде идеялық-теориялық пікірталастар мен еркін пікір алмасуды қысқартуға көшті, айтылған сындардан бастап, партияға қарсы іс-әрекетте екіжүзділерді айыптауға, оларға қатаң жазалау шараларын қолдануға, жер аударуға, бас бостандығынан айыруға, тіпті физикалық жойып жіберуге дейін барған болатынды [1, 7]. Міне тоталитарлық жүйенің салдары осындай болған еді.

1937 жылы қазақ халқы үшін өте ауыр сынақтар болды. ХХ ғасырдың 20-30 –шы жылдарында басталған қуғын-сүргін процесі жалпылама сипатқа айналды, экономикадағы, әсіресе ауыл шаруашылығындағы сәтсіздіктер, халықтың наразылығы, биліктің жоғарғы эшелондағы ішкі саяси күрес, оның ішінде БКП (б) ОК 1936 жылғы желтоқсандағы БКП (б) ОК Пленумында және 1937 жылғы ақпан-наурыз пленумында И.В Сталиннің большевиктер партиясының атынан қарсыластарына қарсы кең ауқымды қуғын-сүргін жүргізу үшін тапсырма берілді. Көп ұзамай бұл процесс жаппай жалпылама сипатқа ие болды. Қуғын-сүргінді ұйымдастырушылар халыққа қуғын-сүргін себептерін түсіндіруі керек еді, олар іс-жүзінде жоқ контрреволюциялық ұйымдардың және олардың қатысушылары бар екенін дәлелдемек болды. Бір сөзбен айтқанда НКВД-ның зынданында адамдар іс-түссіз жоғалып кетпеуі керек еді. Халық бұқарасы күмәнданбас үшін кейбір ұсталған азаматтарды ашық түрде халықтық сотқа беру керек еді [2, 390]. Қарағанды, Шымкент қалаларында, Үржар ауданында, Қарағанды облысының Қызылтау және Нұраталды савхоздарында және басқа да жерлерде ашық сот процестерінде қаралған істер осылай туындады.

1936 жылғы 29 шілдедегі ВЦИК қаулысымен Қарағанды облысының орталығы Қарағанды қаласына көшірілді. Осыдан кейін бірден Қарағанды қаласында облыстық сот ұйымдастырылды. Облыстық сот халықтық соттардың жұмысын басқарды, олар үшін кассациялық саты болды және сонымен бірге облыстық маңызы бар істер бойынша бірінші сатыдағы сот ретінде әрекет етті.

1930 жылғы қазанда ВЦИК қаулысымен бекітілген үлгілік құрылымға сәйкес облыстық сотта пленум, Төралқа және екі алқа - қылмыстық және азаматтық істер бойынша; сондай-ақ Біріккен орган-нұсқаушы секторы болды. Сот жүйесін ұйымдастыруда сот функцияларын сот басқармасы функцияларынан бөлу принципін жүргізді және облыстық соттардағы пленум мен төралқа жойылды [3].

Облыстық сотқа: халықтық соттардың сот практикасына басшылық ету, кассациялық шағымдар мен наразылықтарды қарау жолымен үкімдер, шешімдер, ұйғарымдар шығару кезінде халықтық соттардың қателіктерін түзету; қылмыстық және азаматтық істердің кейбір санаттарын тікелей қарайтын бірінші сатыдағы сот ретінде және халық соттары үшін екінші сатыдағы (кассациялық) сот ретінде әрекет ету бекітілді.

Сот туралы заң облыстық соттардың құрамын жұмысшылар депутаттарының тиісті кеңестері тандайтынын анықтады және төрағадан, төрағаның орынбасарларынан, сот мүшелерінен тұрады және екі сот алқасы бар: қылмыстық және азаматтық істер болды. Үлгілік құрылымға және штат кестесіне сәйкес облыстық сот 1936-1969 жылдар кезеңінде мынадай ұйымдық құрылымға ие болды.

1. Басшылық
2. Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы
3. Азаматтық істер жөніндегі сот алқасы
4. Хатшылық

Қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот алқаларында - қылмыстық және азаматтық істер бойынша облыстық сот төралқасының қаулылары, қылмыстық істер бойынша үкімдердің көшірмелері, сот алқаларының ұйғарымдары, облыстық соттың қылмыстық істері бойынша ұстанымдары, азаматтық істер бойынша сот алқасының шешімдері кейінге қалдырылды.

Хатшылықта – соттардың қылмыстық, азаматтық істерді қарау жөніндегі жұмысы туралы, сот орындаушыларының жұмысы туралы, айыптаушыларға статистикалық карточкаларды әзірлеу қорытындылары бойынша облыстық соттың жиынтық статистикалық есептері, қылмыстық және азаматтық істер бойынша статистикалық карточкалар, бекітілген штат кестелері мен шығын сметалары, түсіндірме жазбалары бар жылдық қаржылық есептер қаралды.

Айта кету керек, бұл сот процестері БКП(б) ОК-нің тікелей нұсқауы бойынша, Қазақстан Компартиясы (большевиктер) ОК-нің және республика НКВД-ның күшімен ұйымдастырылды, бұл туралы құжаттар куәландырады. Мәселен, КП(б) ОК нұсқауы бойынша Қазақстанның БКП(б) ОК бюросы 1937 жылғы 10 қыркүйекте «Ауыл шаруашылығы саласында зиян келтірген контрреволюциялық топтардың қатысушыларына көрсеткіштік процестерді ұйымдастыру туралы» қаулы қабылдайды. Бұл құжатта бюро мүшесі, Қазақ КСР ХКК төрағасы У.Исаевқа, Қазақстанның ішкі істер халық комиссары Л.Залинге, Жоғарғы соттың төрағасы Ш.Бектұрғановқа және республика прокурорының көмекшісі С.Покровскийге Алматы, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында сот процестерін көрсету үшін істік алу тікелей ұйғарылады. 1937 жылы 13 қыркүйекте бұл мәселе Қ(б)КП ОК бюросының отырысында қайта талқыланды, нәтижесінде қысқа мерзімде дайындалып, 1937 жылдың күзінде республиканың әртүрлі аудандары мен қалаларында бір уақытта бірнеше ашық сот процестері өткізілді.

1937 жылғы отырыс процестерінің ішінде ауқымы мен құрамы бойынша, сондай-ақ салдары бойынша бұрынғы Қарқаралы округі басшыларының, кейіннен – Қарағанды облысы басшыларының процесі ең шулы болды [2, 391]. Солардың ішінде облыстық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы Абдолла Асылбеков бар еді.

Абдолла Асылбеков 1896 жылы Ақмола уезі, Нұра болысының № 1 ауылында дүниеге келген. 1913 жылы ауыл мектебінде мұғалім жұмысын атқара отырып, қазақ және татар жастарының арасында мәдени-ағарту үйірмелерінің ұйымдастыруымен айналысқан.

1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан. «Жас қазақ» жастар революциялық-демократиялық ұйымын құрушылардың бірі болған. Ақмола аймағында кеңес билігінің құрылуына қатысты. 1921-1922 жылдары Петропавл, Көкшетау және Орынборда губчек, Губком мүшесі, Ревком төрағасының орынбасары болып қызмет еткен.

1923-1926 жылдар аралығында К.А. Плеханов атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясында оқыған [4, 116]. 1926 жылы ҚАЗКСР жер бөлу Халық комиссариатында, 1926 жылы ҚазОАК хатшысы және бір уақытта Алма-Аты қаласының ҚазОАК коренизация бойынша комитет төрағасы болып қызмет етті.

1934-1936 жылдары Қарқаралы округінің атқару комитет төрағасы болды. Қарқаралыда білім беру жүйесін қалыптастыруда Абдолла Асылбеков те маңызды үлес қосты. 1934-1935 жылдары округтік Атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарып тұрғанында, № 1 қазақ орта мектебін ашуда, оның ғимаратын салуда айрықша еңбек етті [5, 70-71]. Қала ортасындағы саябақта көпес Рязанцев салдырған, биіктігі 40-50 метрге жуық қызыл шіркеу болған. Бұл құрылыс пайдаланылуға берілетін жылы қабырғасы жарылып, шіркеу коңырауын ілуге рұқсат берілмей, 25 жылға сынаққа қалдырылады. Кейін, Кеңес өкіметінің орнауы жылдарында шіркеу

иесіз қалады. 1934 жылдан бастап Абдолла Асылбеков осы шіркеуді бұздырып, екі қабатты мектеп үйін салдырған. Сол жылдардың куәгерлерінің айтуынша, ол қашан құрылыс аяқталғанша жаз бойы өзі бас болып зембилмен кірпіш тасыған. А. Асылбеков, өзі қуғынға түскенше, яғни 1935 жылы мектептің жұмысын аяқтап кеткен. Сол уақыттан бастап мектепке орналаса алмай жүрген ауыл-қала балалары түгелдей мектепке тартылған.

1936 жылдың тамыз айынан 1937 жылдың мамыр айына дейін еңбекшілер депутаттарының Қарағанды облыстық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болды. Жалпылама түрде А.Асылбековтың қуғынға түскенге дейінгі еңбек жолы осылай еді. Ендігі кезект сот процесіне қайта оралсақ.

1937 жылдың 16-22 қарашасы аралығында болғанымен, сот отырысының транскрипті тек 20-дан астам басылған мәтінді құрады. Сотта айтылғандардың көпшілігі хаттамада көрсетілмеген еді. Тергеу қорытындысы бойынша Асылбеков тобы Н.Нұрмақов, С.Сейфуллин, Ж.Сәдуақасов, Ұ.Құлымбетов басқарған контрреволюциялық орталығы нұсқауы бойынша әрекет етіп, сол уақытқа дейін қамауға алынды. барлық сотталушылар өз кінәсін мойындады. Тек соңғы күні А. Асылбеков, содан кейін Н. Нұрсейітов айыпты өздерінен алып тастауға тырысады.

Күдікті қара тізімді бастаған Асылбековке келетін болсақ, тергеу органдары екі мақсатты көздеді:

Біріншіден, оны НКВД органдары қамауға алып Алматыда ішкі түрмеде отырған Сәкен Сейфуллинмен байланысты халық жауы есебінде көзін құрту болатын.

Екіншіден, Сәкен Сейфуллинге сол кезде сот соңғы шешімін шығара қоймаған еді, ал А. Асылбековтың ашық сот процесінде Сәкенді саяси қылмыскер деп мәлімдеуі оны біржола тұқыртып, жазалау үшін өте салмақты дәлел болып есептеліп, қарағандылық контрреволюциялық ұйым жетекшілерінің бірі екенін айғақтау үшін аса қажет болатын. Тергеушілер болса осы деңгейден көрініп, ашық сот процесін НКВД жоспарына сай өткізіп, партия алға қойған мақсаттарды тап тұйнақтай етіп орындады. Осыған орай ашық сот мәжілісіндегі Абдолла Асылбековтің 1937 жылдың 17 қарашасындағы жауабын тоқталсақ.

«Жаңадан Қарқаралы округі ұйымдастырылғанда контрреволюцияшыл ұлтшыл-фашистік ұйым өзінің жауыздық әрекеттерін күшейтіп жіберді. Округтің басына халық жауы Құлымбетовтің адамдары Асылбеков пен Нұрсейітов қойылды. Барып тұрған бандиттер, ұлтшыл-фашистік центрдің мүшелері Сейфуллин, Сәдуақасов, Құлымбетов, Асылбеков пен Нұрсейітовтің округтік аппаратқа өз адамдарын іріктеп алуына көмектескен. Олардың іріктеп алған адамдары қадірі кеткен, жат адамдар, партиядан қуылғандар және басқа контрреволюцияшыл сілімтіктер болды... Округке бізді Сейфуллин шақырып алып, контрреволюцияшыл жұмыс істеуімізге негіз боларлық нұсқаулар берді. Зәбір көрген адамдарды көбірек тартуға, аудан басшылығына контрреволюцияшыл ұлтшыл-фашист ұйымының мүшелерін қоюға, оларға жергілікті орындарда бедел туғызуға көмектесуге нұсқау берді». Тағы бір жерде мемлекеттік айыптаушыға ол «контрреволюцияшыл нұсқауларды Сейфуллиннен алдым» дегені бар еді [6, 3].

Сот үкімінен: «Абдолла Асылбеков, Нұрғали Нұрсейітов, Мансұр Ғатаулин, Әзіз Ізбасаров, Мәжит Ордабаев, Файзрахман Шамсуйденов жоғарыда аталған қылмысты ұйымдастырушы және қолма-қол орындаушы болғандықтан қылмыс жазасының ең ауырына бұйырылып ату жазасына кесілген еді.

Құжаттарға сәйкес, үкім жарияланғаннан кейін тағы бір жарым ай ішінде Асылбеков пен басқалардан басқа адамдарға айғақтар алу үшін жауап алынды. Сотқа төрағалық еткен Жоғарғы соттың мүшесі, Алматы облыстық сотының төрағасы Кукельдиев күн сайын дерлік Асылбеков пен басқа сотталғандарға қатысты үкімді дереу орындауды талап етіп, Қарағанды облыстық сотына жеделхат жолдады [6, 4]. КСРО Орталық Атқару комитетінің 1934 жылғы 1 желтоқсандағы Заңына сәйкес, 1938 жылдың қаңтарында ғана А. Асылбековке өлім жазасы орындалды.

Қарағандыдағы ашық соттың халыққа үрейі ұзақ уақытқа дейін елдің есінде қалғаны мәлім. Оның себебі де бар – А.Асылбековтің ісі бойынша жеке немесе топ-топ болып 1937-1938 жылдары тек осы Қарқаралы ауданынан ғана Қ.Алдажұмановтың тесептеуі бойынша 400-дей адам репрессияға ұшырады [7, 26]. Олардың біразы атылды, қалғаны 10-20 жылдан лагерьде азап шекті. Оралмағандарының саны қанша екені белгісіз. Олардың ішінде бұрынғы округ басшысы М.Атаниязов, Қарқаралы аудандық партия комитетінің 1-хатшысы Қайырбек Дәуренбеков, бір кезде осы ауданды басқарған, 1937 жылы Асылбековтен соң облыстық атқару комитетінің төрағасы болған Әбдірахман Мақатов, Қарқаралы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болған Қасым Мусин, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің экономисі Қамен

Мұхамедиев, қатардағы колхозшылар Ыбыш Иманбаевтар, Омарбай Исин, Кент ауыл советінің төрағасы Жақыпбек Қайырбергенов және т.б. бар еді.

Қорыта келе А. Асылбеков қазақ халқы үшін қызымет еткен адамдардың бірі болды. Өз қызметін адал істегені үшін азап шегіп, сот процесінде істемеген істерін мойындап, амалсыз өз досы С.Сейфуллин контрреволюциялық тапсырма берді деп айтуына тура келген еді. А. Асылбековтың ісі Қарағандыда өткен ең алғашқы ашық сот процесі болатын және оның зардаптары ауыр болды. Осы істен кейін қазақ басшыларына көптеген жасықсыз айыптар тағылып олар да қуғынға ұшыраған еді. Тек 1957 жылы ғана А. Асылбеков және көптеген қазақ басшыларының кінәсіз екені анықталып ақталғаны өкінішті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шаймуханова, С. Д. Политические репрессии в Казахстане 30-40-е-нач.50-х гг. - Караганда: КарГУ, 2000. - 180с.
2. Восточная Сарыарка. Каркаралинский регион в прошлом и настоящем / Под ред. Алдажуманов К.С., Бейсенова А.З. – А.: Эвро, 2004. - 564 с.
3. ГАКО. Ф. 731. Оп. 1. Л 1-2.
4. Руководители Карагандинской области. Биографический справочник / Сост. Михеева Л.В. к.и.н., Турсынова Ж.Ж. к.п.и., Под ред. Амантаева У.А.. – Караганда, 2011. – 742 с.
5. Жұмашев Р.М. XIX – XX ғасырлардағы Қарқаралының мәдени өмірінен // Қарқаралыға 180 жыл: Тарих толқынында. Ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. – 50-76 бб.
6. Кәкен, А. Осы жұрт Абдолланы біле ме екен? [Мәтін] : Абдолла Асылбеков туралы естелік / А. Кәкен // Егемен Қазақстан. - 2018. - № 100. – 31 мамыр. – 8 б
7. Алдажұманов Қ.С. XX ғ. 30-50 жылдарындағы қуғын-сүргін және Қарқаралы // Қарқаралыға 180 жыл: Тарих толқынында. Ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. – 20-28 бб.

**Мусин Ә.Т.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, ҚЖ-41, студент

*(Ғылыми жетекшісі—филол.ғыл.докторы, профессор Рамазанова Ж.С.)*

### **ЖАҢА МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТ ТАРАТУ ТӘСІЛІ (Өңірлік телеарналар негізінде)**

Жаңа бұқаралық ақпарат құралдары немесе жаңа медиа (ағыл.Newmedia). Бұл терминді ХХ ғасырдың соңында интерактивті-электронды басылымдарға қарата қолданыла бастады. Дәстүрлі медиадан айырмашылығы ретінде контент өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы коммуникацияның жаңа формасы. Яғни, бұл термин цифрлік, желілік технологиялар мен коммуникацияның даму үрдісін білдіреді. Ең алдымен, цифрлік технологиялар. Бұл тенденция қоғамның компьютерленуімен байланысты.

Жаңа медиа ақпараттың мәтінге тәуелділігін жойды. Себебі, мультимедиялық, графикалық ақпараттың таралуы мәтіндік жүйенің баламалы тенденциясына айналды. Түсінікті де қысқа гипермәтіндер, газет-журнал мәтіндерінің қатталуы, радиотелевизия және баспасөз мұрағаттың қолжетімділігі, іздеу жүйесінің ыңғайлылығы, интерфейстің тартымдылығы бұқаралық ақпарат құралдарын ыңғайлы ете түсті.

Цифрлау дәуірінде ақпаратты жедел таратып, өңдеп, тұтынушыға ұсыну жолында жаңа инновациялық шешімдер пайда болуда. Цифрлы дәуірде ақпарат күн сайын емес, сағат сайын өзгеріп отыратынын ескерсек, онда жаңалықтардан хабардар болып, оқырманды пайдалы ақпаратпен қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Аудиторияның медиақалауы да өзгерді. Қазір оның денін миллиалдар (1981 жылдан кейін және 2000 жылға дейін туған адамдар) мен центенниалдар (2000 жылдардың басынан бері туғандар) құрайды. Соңғылары кейбір ерекшеліктеріне байланысты тіпті «жалқау визуалдар» деп аталып кеткен.

Жаһандану кезінде болашағын ойлаған халық жаңа заманға бейімделудің тәсілдерін игеріп қана қоймай, өзінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап, мемлекеттігін нығайту мен қоғамды ортақ мүдденің төңірегіне біріктіру қағидасын ұстануы тиіс. Мемлекеттің тұтастығы мен қалыпты дамуы үшін ұлттық сана мен мәдениетімізді насихаттауға теледидардың мол мүмкіндігін тиімді пайдалану – заман талабы болып отыр. Аталған мақсаттарды іске асыруда жаңа ақпараттық